# Діни экстремизм жа

# терроризм

Дайындаған: : Ахметова А.А
Әуелбекова Н.А
Отжанова Н

# Жоспары:

1. Экстремизм және терроризм дегеніміз не?
2. Экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары.
3. Діни сауатсыздық – экстремизмнің бастауы.
4. Экстремизм мен терроризмнің елімізге қаупі.

Діни-саяси экстремизм - діттеген саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін, дінді қалқан ете отырып әрекет етуші, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл. Басқаша атағанда - терроризм(лаңкестік). Мұндай әрекеттер көбіне мемлекеттің құрамын күшпен өзгертуге немесе үкіметті басып алуға бағытталады. Қауіпті жағдайға айналған осындай әрекеттерді іске асыру, көбіне қарулы топтар құрып, өзара өшіктіру әдістерін қолдану арқылы дін және ұлттық қайшылықтарды қоздырумен, сондай-ақ адам құқын жаппай бұзумен қатар жүреді.



**Діни экстремизм** Ислам құндылықтарын сақтау жолында үндеу тастаған өздерінің пікірлестерін діни принциптерді бұзушылар деген айыптаулармен кінәлайды. Діни-саяси экстремизм болса, әртүрлі діни пікірлерге негізделгеніне қарамай, олардың іс-әрекеттері Қылмыстық істер кодексінің баптарына сәйкес келеді.







Діни-саяси экстремизм әдетте ешқандай ымыраны мойындамай, ортақ келісімнен бас тартады, ешкімді жақтырмайды, тіпті оларды қолдап жүрген дін өкілдерінің пікірі болса да ешқандай саяси пікірлермен санаспайды

Діни экстремизм үшін *«Харам мен халал»* (арам мен адал), *«өзіңе қалағаныңды басқаға да қала»* деген қағидалар болмайды. Олардың басты қаруы қатігездік пен шапқыншылық. Сонымен қатар діни антқа байлап қойған адамдардың экстремистік қатардан шыға қоюы өте қиын.









Мұндай шектен шыққан экстремизм әртүрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дінаралық жағдайдың ушығуына да себепкер болуда. Экстремистер қай діннің атынан белсенділік танытса, бәрінен де көп зиян шегетін сол дін. Саяси экстремизм тек саяси мүддені ғана көздейді. Олар адамдардың дінге деген құрметі мен сенімін өз мақсаттарына кеңінен пайдалана отырып, дін үшін әрекет етіп жүргендей көрінуге тырысады.







- Экстремизмді айыптау,
 егер Құран және сүннет
 негізінде болмаса, онда
адасушы мұсылмандар
 айыптауды мойындамайды,
 бос сөз қатарында қабылдайды. Кінәлілер айыпта
 надан, жалақор ретін–
де азғыруы да мүмкін. Ислам шариғатымен
 амал етіп, басқаға үлгі бола білу, әрі шариғат талап-
тарын орындау, өркениетті қоғам орнатудағы аса сенімді жол екенін түсіндіре білу - діни эктремизмге қарсы қолданар ең үлкен қару. Әлемдегі құбылыс - тардың
қандайы болмасын өзіндік пайда болу
ықтималдығына бағытталған әсерге негіз –
деле отырып, ережелер мен заңдарға сүйен –
ген себептері мен салдары бар. Бұл заңдыл - ықтар
 философиялық ой-пікір тұжырымдары ғана емес, еш күдіксіз қабылдануы бұйырылған Илаһи заңдылықтар да жатады







# Діни байланыстарды реттейтін нормативтік – құқықтық база

Заңды жүзеге асыру мақсатында заңға тәуелді 12 акт, оның ішінде 6 Үкімет қаулысымен Агенттіктің 6 бұйрығы қабылданды.

- дінтану сараптамасын жүргізу.

- миссионерлік қызметті жүзеге асыру.

- ҚР аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін, шетелдік діни орталықтарының ҚР діни бірлестіктер басшыларын тағайындауын келісу.

- ғибадат үйлерін (ғимараттарын) қайта бейіндеуге  және салуға келісім беру.

- ғибадат үйлерінен тыс діни рәсімдерді өткізетін орындардың орналасатын жерін келісу.

- Діни әдебиеттерді таратуға арналған орындардың орналасатын жерін анықтау.

Діни экстремизнің пайда болуына алып келетін факторлар:

Жұмыссыздық деңгейінің өсуі.

Халықтың тұрмыс деңгейінің төмен болуы;

Діни сауатсыздықтың көп болуы:

Халықтың діни сауатсыздығы;



Діни экстремизмнің алдын алу бағыттарының бірі — діни сауаттылықты арттыру. Бұған ерекше мән береміз.

Қазақстандықтар, діни көзқарасының әркелкілігіне қарамастан, зайырлы елімізде имансыздық, діни ой-пікірлердің радикалдануы секілді шектен шығушылықтың таралуына жол бермеу мақсатында бірігулері керек.

Республикадағы діни ахуал, жалпы алғанда, тұрақты екенін атап өткен жөн. Дей тұрғанмен, еліміздің жекелеген аймақтарында діни экстремизм ошақтарының шоғырлануы байқалады. Дін санаға айла-шарғы жасаудың қолайлы құралына айналып, осыны деструктивті күштер пайдаланып отыр.



# Біз дінге қарсы емеспіз, діни экстремизмге қарсымыз.



Ең бастысы – біз қоғамда діни экстремизм және терроризм идеяларын қабылдамайтын жағдай жасауымыз керек. Бұл — біздің ортақ міндетіміз.


НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!